

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 2 А ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

09.01.2025 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – б.ғ.а., доцент м.а. Қ.Т.Абдраимова, АК мүшесі, техн.ғ.к., доцент Э.Қ.Ибрагимова, АК мүшесі, аға оқытушы Г.О.Абишова, білімгерлер өкілдері

Күн тәртібі:

1. ЖИ саласындағы іргелі білім мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында білім беру бағдарламаларын жаңарту туралы

Тыңдалды:

АК төрағасы Абдраимова Қ.Т.: Күн тәртібімен таныстыра отырып, қаралатын мәселелерді атап өтті. Ғылым және жоғары білім министрлігі 11 желтоқсанда AI-Sana инновациялық жасанды интеллект бағдарламасын ұсынды. Аталған бастама елдің ғылыми-технологиялық дамуына жаңа серпін бере отырып, білікті кадрларды даярлау және жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған. AI-Sana - білімгерлер арасында жасанды интеллект дағдыларын жан-жақты дамытуға бағытталған бірегей бағдарлама, 100 000 қатысушыны қамти отырып, ұлттық экономиканың әлеуетін ашуға және технологиялық кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған. Осы бағдарлама аясында 6B05146-Биология, 6B05169-Биотехнология білім беру бағдарламаларын қайта қарап, негізгі оқу жоспарына жасанды интеллект мүмкіндіктері мен биология ғылым саласын байланыстыратын пәнді енгізу керектігіне тоқталды.

АК мүшесі, академиялық персонал, аға оқытушы Г.О.Абишова алды:

Ғылым және жоғары білім министрлігі 11 желтоқсанда ұсынған AI-Sana бағдарламасы жаһандық тәжірибе мен жергілікті қажеттіліктерді біріктіруге мүмкіндік беретін озық білім мен ең жақсы тәжірибеге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

AI-Sana білім беру, зерттеу және қолданбалы тәсілдерді біріктіруді қамтиды:

- ЖИ саласындағы іргелі білім мен дағдыларды қалыптастыру.
- Экономиканың негізгі салаларына ЖИ енгізу үшін мамандар даярлау.

Бағдарлама жоғары оқу орындарына дәстүрлі білім беру форматынан ғылыми-зерттеу форматына көшуге мүмкіндік бере отырып, оқыту мен зерттеу тәсілдерін түрлендіруге бағытталғандығын ескере отырып, 6B05146-Биология, 6B05169-Биотехнология білім беру бағдарламаларының университеттің таңдау компоненті модуліне «Жасанды интеллект» пәнін енгізуге болатындығын атап өтті.

Білім беру бағдарламаларын жаңартуда аталған пәннің де білімгерлер үшін ЖИ саласындағы іргелі білім мен дағдыларды қалыптастыру ықпалы бар екендігіне ерекше тоқталды.

АК мүшесі, академиялық персонал Ибрагимова Э.Қ.: Құрметті АК мүшелері, білім алушыларға білім беру, зерттеу және қолданбалы тәсілдерді біріктіру мақсатында биология ғылымдарының саласын жасанды интеллект мүмкіндіктерімен интеграциялау арқылы заманауи технологиялық дағдыларды игеруге ықпал ететіндігін, келешекте бәсекеге қабілетті маман иелерін дайындауда заманның талабына жауап беретін құзыреттіліктерді игеруде ерекше орын алатыны туралы, осымен бірге кәсіби қызметінде жасанды интеллект, ғылыми зерттеу әдістерін қолданады. Алдағы уақытта білім беру үдерісінде білім беру бағдарламаларын жаңарту барысындағы жұмыстарды бірлескен түрде жасаанда барлық жұмыстар шешімін табады деп сенім білдірді.


Шешім: ЖИ саласындағы іргелі білім мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында 6B05146-Биология, 6B05169-Биотехнология білім беру бағдарламаларының таңдау компоненттерінің құрамына «Жасанды интеллект» пәнін енгізу ұсынылсын.

Мәжіліс төрағасы:



Қ.Т. Абдраимова

Хатшысы:



Г.О. Абишова